

Қалалық мәслихаттың 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 24/176 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 35/288 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 ақпанда № 2982 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2023 жылғы 3 қарашадағы № 8/71 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 03.11.2023 № 8/71 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 24/176 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2519 болып тіркелген, 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 9 (12115) "Балқаш өнірі", 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 9 (1188) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерің белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларының 10 тармағында:

1), 2) және 4) тармақшалары жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1) 1-2 қаңтар - Жаңа жыл мерекесіне:

мүгедек балаларға;

жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

2) 21-23 наурыз - Наурыз мейрамы мерекесіне:

жасына байланысты зейнетақы мен жәрдемақы мөлшерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең тәменгі зейнетақы мөлшерінен аспайтын әлеуметтік жәрдемақылар мен зейнетақылар алатындарға;";

"4) Халықаралық қарттар күніне:

жетпіс жасқа келген және одан асқан тұлғаларға;";

келесі мазмұндағы 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшаларымен толықтырылсын:

"6) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесіне:

"Алтын алқа" және "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған көп балалы аналарға;

бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға;

7) 1 маусым – Балаларды қорғау күні мерекесіне:

мүгедек-балаларға;

жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға;

8) 6 шілде - Астана күні мерекесіне:

табысы кедейлік шегінен тәмен аз қамтылған азаматтарға;

табысы азық-түлік себетінен тәмен аз қамтылған азаматтарға;

жасына байланысты зейнетақы мен жәрдемақы мөлшерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең тәменгі зейнетақы мөлшерінен аспайтын әлеуметтік жәрдемақылар мен зейнетақылар алатындарға;

9) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесіне:

1, 2, 3 топтардағы мүгедектерге;

кедейлік шегінен тәмен табысы бар аз қамтылған азаматтарға;

азық-түлік себетінен тәмен табысы бар аз қамтылған азаматтарға;

10) 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті күні мерекесіне:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне;

11) 15 ақпан – Ауганстан аумағынан кеңес әскерлерінің шығарылған күніне:

Ауганстандағы ұрыс қымылдарына қатысуышыларға;

12) 26 сәуір - Чернобыль АЭС-сы апатының құрбандарын еске алу күніне:

Чернобыль АЭС-сы апатының зардаптарын жоюға қатысуышыларға;

13) 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға;

саяси қуғын - сұргіндер құрбандары және саяси қуғын-сұргіндерден зардап шеккен адамдарға.";

2) Қағидалардың 11 тармағының 1) және 5) тармақшалары алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 05 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Сессия төрағасы

Д. Қалықбеков

Қалалық мәслихат хатшысы

К. Рахимберлина

"КЕЛІСІЛДІ"

Қала әкімі

Райымбеков А.М.

2015 жыл 06 ақпан

"Балқаш қаласының жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Томпиева Ж.Қ.

2015 жыл 06 ақпан

"Балқаш қаласының

экономика және қаржы бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Шлыкова З.С.

2015 жыл 06 ақпан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК